2. Об утверждении Правил проведения негласных следственных действий: Совместный приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 12 декабря 2014 года № 892, Министра финансов Республики Казахстан от 12 декабря 2014 года № 565, Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 12 декабря 2014 года № 62, Начальника Службы государственной охраны Республики Казахстан от 15 декабря 2014 года № 146 и Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан от 18 декабря 2014 года № 416. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 декабря 2014 года № 10027.
3. Негласные следственные действия в уголовном процессе // <https://www.zakon.kz/5024906-neglasnye-sledstvennye-deystviya-v.html>
4. Проблемы коллизий норм новой редакции УПК РК с основополагающими принципами уголовного процесса // <https://www.zakon.kz/4682684-problemy-kollizijj-norm-novojj-redakcii.html>
5. Об утверждении Правил приема и регистрации заявления, сообщения или рапорта об уголовных правонарушениях, а также ведения Единого реестра досудебных расследований: приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 89.

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ҚИСЫНДЫ МЕРЗІМДЕ ӨТУ ТӘРТІБІ**

**Сержан X.**

3 курс курсанты

**Ғылыми жетекшісі: Нұрмағамбетова Ж.К.,**

қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының  
окытушысы, полиция майоры

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Қылмыстық іс жүргізу оның құқықтық реттелуі қоғамның даму сипаты мен деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Қылмыстық іс жүргізуде заңды және негізді шешім қабылдау басты міндеттерінің бірі болғандықтан адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғалуына, адамдардың заңға құрметпен қарau рухына тәрбиелеуге алып келеді. Іс бойынша заңды және негізді шешімді қабылдаудың бірі іс жүргізу барысындағы істің уақытша үзілісі. Осыған орай ҚР ҚПК-нде «қисынды мерзім» ұғымы қарастырылған.

ҚР ҚПК-нің 9-бабының ережелеріне сай, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінасіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Яғни, қылмыстық сот өндірісінің тез арада басталып, қажетті әрекеттер өткізіп, ол бойынша заңды және негізді шешім шығару талабы, уақыт өте келе «қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту» қагидасына айналды [3, 148].

Қылмыстық сот өндірісінің «қисынды мерзімдерде» өтуі дегеніміз, ол қылмыстық іс жүргізушілік заңнамага қайшы келмейтін, қисынды негізделген, істің мән жайы мен ауырлығына байланысты және қылмыстық сот өндірісінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, қатысушылардың құқықтарын бұзылуына жолбермейтін нақты

қылмыстық іс бойынша анықталатын мерзім [4, б. 47].

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту қағидасының мазмұнына, келесі элементтер кіреді:

- қылмыстық іс бойынша қылмыстық сот өндірісі қисынды мерзімде өтуі;

- қисынды мерзім қылмыстық іс бойынша өндірістің басталу сәтімен анықталып, іс бойынша корытынды іс жүргізушілік шешімнің күшіне ену сәтімен аяқталады;

- нақты қылмыстық іс бойынша өндіріс қылмыстың ауырлығы, күрделілігіне байланысты анықталады;

- алдын ала тергеу, анықтау органдарының қызметінің ұйымдастырылу кемшіліктері қисынды мерзімді анықтауга еш ықпал етпейді [5, б. 85].

Себебі, 2014 жылдың 4 шілдесінде қабылданған ҚР ҚПК ережелерін саралап көрсек, онда бірнеше институтты реттейтін норма ретінде «қисынды мерзім» категориясы қолданылып, отандық қылмыстық сот өндірісіне елеулі өзгерістер әкеліп, зор ықпал етті. Мәселен, ҚР ҚПК-нің 192-бабына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі келесі ережелермен реттеледі: Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізуіндегі қисынды мерзімін айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысуышылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуі үақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі [8, б. 141].

Сол балтың 4 бөлігінде белгіленген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша: істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – қисынды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын

қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары қисынды, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Сол баптың 5 бөлімінде, сotқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін одан әрі ұзартуга айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары қисынды, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады деп белгіленген.

ҚР ҚПК-нің 203-бабында да, құдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау сұраптарына қатысты «қисынды мерзім» категориясы пайдаланылған. Ол баптың бірінші бөлігіне сай, адамның қылмыс жасағаны туралы құдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам құдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Ис-әрекетті саралау туралы қаулы қисынды мерзімде шығарылуға тиіс [9, б. 96].

Сондай ақ, ҚР ҚПК басты сот талқылауын тағайындау сұраптарына арналған 322-бап ережелеріне сай, басты сот талқылауы қисынды мерзімде аяқталуға тиіс. Қысқартылған іс жүргізу кезінде басты сот талқылауы ҚР ҚПК-нің 382-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде аяқталуға тиіс

ҚР ҚПК-нің 348-бабындағы басты сот талқылауының хаттамасына ескертулер мәселен реттеу сұраптары бойынша да «қисынды мерзім» пайдаланылған. Аталған бап ережелеріне сай, басты сот талқылауының хаттамасына қағаз жеткізгіште қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде тараптар, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 347-бабының жетінші бөлігінде көрсетілген өзге адамдар сот отырысының хаттамасымен танысуға, хаттамаға жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында ескертулер беруге құқылы. Сот отырысы хаттамасының көлемі үлкен болған жағдайда, төрагалық етуші тараптардың өтінішхаты бойынша олардың танысуы және ескертулер беруі үшін неғұрлым ұзақ, қисынды мерзім белгілейді.

ҚР ҚПК тағы бір қисынды мерзім түсінігін пайдалануы

615-баппен реттелген кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты қарау тәртібінде байқалады: жәбірленуші келіспеген кезде процестік келісім жасалмайды. Егер жәбірленуші келіске болса, онда оның қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі жөніндегі пікірін ескере отырып, прокурор және қорғаушы тарап қысынды мерзімде процестік келісім жасасады, ол жазбаша түрде жазылып, оған келісімге қатысушылар кол қояды.

Жоғарыдағыга сүйене отырып, біз ендігі тұжырымдарға келе аламыз:

Қылмыстық сот өндірісінің «қысынды мерзім» түсінігі қылмыстық іс жүргізушілік, сондай ақ қылмыстық сот өндірісінің ұйымдастырылуына және аз мерзімде өтуіне ықпал етіп іске қатысуши тұлғалардың құқықтарына зор он ықпал ететін институт деп танимыз, сондықтан ол қағида деп танылып, қылмыстық сот өндірісінің ұйымдастыруышылық негізіне енуітис.

Қылмыстық сот өндірісінің «қысынды мерзім» түсінігі жүйелік сипатқа ие болып, қылмыстық сот өндірісінің қағидаларымен тығыз байланыста әрекет етеді. Мысалы, бір текті ауырлықта және күрделілігі тең қылмыстар бойынша сотқа дейінгі өндіріс мерзімдері және істі сотта қарау мерзімдері арасында айырмашылық болатын болса, онда ұзақ мерзімде өткен өндіріс қатысушыларының құқықтарының бұзылғандығы жайлы тұжырым жасауга болады.

Қылмыстық сот өндірісінің қысынды мерзімде өту ережесі бір күнде пайда болған құбылыс емес, оған ұзақ жылдар бойы тәжірибе және ғылыми жұмыстар өз септігін тигізіп, заннаманы жетілдіру мақсатында ұлттық КР ҚПК енгізілді.

Жоғарыдағыга сүйене отырып, КР ҚПК-не келесідей толықтыру енгізу ұсынылады: КР ҚПК екінші тарауында, «Қылмыстық сот өндірісінің қысынды мерзімде өту құқығы» деп аталағын дербес бапты енгізу ұсынылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Валиханов Ч. Записки о судебной реформе. - Алматы: «ВШП Адилет», 1999. - 295 с.
2. Бойков А., Карпец И. Курс советского уголовного

процесса. - М.: Юрид. лит, 1989.

3. Төлеубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2000. - 410 с.

4. Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий обеспечения принципов уголовного судопроизводства. - Алматы, 2001. - 168 с.

5. Урбан В.В. Реализация принципа разумного срока уголовного судопроизводства: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2013. - 125 с.

6. Перлов И.Д. Уголовное судопроизводство в СССР. - М.: «Госюриздан», 1959. - 102 с.

7. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. - 278 с.

8. Волынец К.В. Некоторые проблемы в правовом регулировании принципа «разумный срок уголовного судопроизводства» // Вестник Удмуртского университета. Сер. Экономика и право. - 2013. - №1. – С. 138-145.

9. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі - сот билігінің демократиялық қағидасы. - Алматы, 2001. - 128 б.

## **НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСҮ ЖОЛЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ**

**Султанов А.**

3 курс курсанты

**Ғылыми жетекшісі: Мухамеджанов Е.О.,**

жедел-іздестіру қызметі кафедрасын бастығының орынбасары,  
полиция подполковнигі

**ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы**

Басқа елдермен тереземізді теңестіреміз, алдыңғы қатарлы елдер сапынан табыламыз десек жастарды салауатты өмір салты дағдысы қалыптасқан, рухы биік, жан дүниесі таза, адамгершілігі мол, білімді азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі заманда нашақорлықтың салдарынан жарымес, мүгедек,

аурушаң балалардың өмірге жиі келетіні бәріңізге белгілі [1].

Дүние жүзін жайлаган нашақорлық дерті күн сайын тамырын жайып барады. Негізгі мәселе нашақордың санында емес, жасында болса керек. Келешек ұрпаққа ақыл, бағыт – бағдар беретін аға – апаларымыз есірткіні «табыс көзі» көріп, қаншама адам өмірін құртып отыр. Олардың тіпті мектеп оқушысына алғашқы мөлшерді тегін беріп, қызықтыруы айуандық деп есептеймін.

Жалпы есірткіге қарсы құрестің тарихына көз салсақ, бұл ежелден келе жатқанжағымсыз құбылыс екенін байқаймыз. Мысалға, 1839-1842 жылдары Ұлыбритания өзі және 1856-1858 жылдары Франция мен Ұлыбритания бірігіп Қытай мемлекетіне қарсы «есірткі соғысын» ашқан болатын. Ал өткен ғасырдың ортасында ашылғандар Индияда өсірлген арзан опиумды тағыда Қытай мемлекетіне сатқысы келеді. Бұндай кең көлемде есірткі заттарды сатып, шаш етектен пайда түсіру олардың ежелден келе жатқан арманы еді. Бұған Қытайлықтар қарсы тұрып, осыдан бастап «апиын соғысы» басталды. Қазіргі кезде дәл осындағы жағдай қайталанып отырған сияқты, өйткені есірткі заттарға соның ішінде опиумға жұмсалған ақша олардың иелеріне өте көп мөлшерде пайда түсіріп отыр.

Қазіргі таңда Ауғаныстанның арзан апиыны Тәжікстан, Қыргызстан арқылы біздің елге еш қындықсыз келеді, себебі осы уақыттағы есірткі бизнесіне қойылған нашаіскерлер үшін түк емес, өйткені одан түскен ақша оларға шаш етектен пайда келтіріп, оларды қүштейтіп отыр.

Біздің Республикаға казіргі уақытта есірткі бизнесінің тұлғалары ғана емес қылмыс жүйесінің «общак» деп аталатын өкілдері де назар аударып отыр. Апиын бар жерде мафия бар, опиум бар жерде коррупция бар, құқықтық шектен шығушылық бар. Бұл әлем тарихы бойынша дәлелденген жағдай.

Қазақстан территориясы арқылы алыс шет елдерге тұрақты тұрде опиум жіберіліп тұрады. Бұл жағдайлардың анықталғаны ұсталғаны Ресей мен Еуропаға жеткен есірткі тасушылардан өте аз. Мысалы, Еуропаның ең түбінде орналасқан Францияда өткен жылдары 6 тонна конопля мен 10 килограмм героин алынған.

Әрине, бұл жағдайды біздің елмен салыстыруға

болмайды, дегенмен де Қазақстан арқылы одан кейін бірнеше елден өтіп Францияға жеткен есірткі заттардың қаншасы біздің елде қалғанын айту қыны.

Біздің отандас нашаіскерлер-контробандиттер есірткі затты жеткізу әр түрлі әдіс-айла қолдануда. Олар есірткі заттарды автомашинаның жанаржагар май құятын багінде, доңғалағында жасырып, орындығының ішіне тігіп, кузовтың астына тығып өткізеді.

Қазіргі кезде есірткі іскерлер тәжірибе жинақтап, тығып өткізу әдістерін одан әрі жетілдіруде. Мысалы, полиция қызметкерлері Колумбия мен Ауғанстанда да болып көрмеген, яғни адам іstemеген жағдай біздің елде бір әйел жаңа тұған нәрістенің мәйітінің ішін жарып, ішіне есірткі зат тығып өткізбекші болғаны баспасөзде жарияланған болатын.

Есірткіге қарсы қуресте біздің шет елдер тәжірибесінен үлгі алуымызға болады. Мысалы, Америка құрама штаттары есірткіге қарсы қуресте Боливия, Перу, Колумбия елдерінің жұмыссыз шаруаларына олар кока (одан кокаин алғынады) өсімдігін өсірмеу үшін ақшалай төлемдер төлеп отырған. Ал АҚШ бұл төлемдерді уақытша тоқтатып «кока» плантацияларын жоя бастағанда перулықтар көтеріліске шығып, оған көптеген шаруалар қосылған [5]. Дәл осындай жағдай қазіргі уақытта бізде де бар сияқты яғни, халықтың әлеуметтік жағдайы дұрысталмай, жұмыссыздық мәселесі шешілмей бұл жағдайды жолға қою қыны. Қазіргі Тажікстан мен Шешенстандағы жағдайлар, босқындар легі біраз мәселелер туғызып отыр. Олардың көбі бір уақытта, бір сағатта тұған туысынан айырылып, үйін, өмір бойы жинаған дүние-мұліктерін жоғалтып, амалсыздан күнкөріс қамы үшін яғни есірткіден түсken ақшага тамақ өнімдерін сатып алу үшін есірткімен айналысуға мәжбүр болып отыр. Мысалы, есірткі тасымалдағаны үшін ұсталғандардың басым көпшілігі Тәжікстан, Қыргызстан мемлекеттерінен шыққан 7-10 баласы бар аналар болып отыр. Ертеңгі күнді яғни еліміздің болашағы жастардың келешегін ойлайтын болсақ, онда америка үлгісі бойынша «инеде» отырғандарға көмектесу керек. Сондықтан да бізге 2-3 қылмыстық топты жауапкершілікке тартқаннан жұмыс бітпейтінін түсіну қажет [2].

Біріккен ұлттар үйімінің есірткі заттарды бақылайтын халықаралық комитетінің мәліметі бойынша Ауғаныстан жыл сайын 200 тонна апиынды заңсыз түрде сатуға шығарады екен. Жыл сайын нашаіскерлер бұл жағдайды бақылауға алып, оған көп мөлшерде ақша бөліп отырады. Есірткі бизнесіне бөлінген 1 доллар 12-14 мың доллар болып қйтады екен, яғни есірткі бизнесінен түсетін табыс қару сатудан түсетін табыстан асып кетіп отыр [3].

Қазіргі уақытта «қара базарда» сорадан (коноплядан) алынатын есірткі заттар бірінші орында тұр. Оның негізгі бір себебі Шу алқабында 150 мың гектар жерде конопля өседі. Мамандардың айтуы бойынша егер де есірткі бизнесіне заңды түрді рұқсат берілсе, онда осы жерден 6 мың тонаға дейін анаша (марихуана) жинауга болар еді. Бірақта соңғы кезде сораны апиын тобына жататын есірткі заттар ығыстырып келеді. Қазақстанның географиялық жағдайы, ТМД елдерімен арадағы шекараның ашықтығы халықаралық деңгейдегі нашаіскерлерді өте қызықтырып отыр. Қазіргі уақытта олардың Қазақстанның ішкі есірткі бизнесмендерімен байланысы орнығып болды. Соның бір айғағы Қазақстан Республикасы бойынша 37 мыңнан астам адам әртүрлі есірткі заттарды қолданғаны үшін есепте тұрса, ал есірткі заттарды қолданып, есіріп қылмыс жасағандар саны өсіп отыр. Сонымен бірге 2004 жылы анықталған есірткіге қарсы қылмыстың әрбір жетеуі есірткі заттарын өткізушілерге байланысты болып отыр [4]. Жоғарыда көрсетілген фактілер қылмысқа қарсы құресетін ПО-ң қызметкерлерін ғана толғандырып коймай, бүкіл қоғамды қамтымай, үкімет тарапынан белгілі бір мөлшерде қаржылай, жедел техникалық көмек болмай оның өртін сөндіру қын. Бұл жерде әлемнің көптеген мемлекеттерінде есірткінің пайда болу, таратылу себептерін сараптап, ескермегендіктен үлкен проблемаға айналып, артынан есірткі затпен байланысты құқық бұзғаны үшін ең ауыр жаза-өлім жазасын кесу туралы Заң қабылдағанын айта кету қажет. Сол себептен де еліміздің осындай жағдайға душар болмауы, өркениетті елдер қатарынан көрінуі үшін осы кезден бастап дабыл қағып есірткіге қарсы құреске дұрыстап бет бұратын кез келді.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Еркін де еңсөлі әрі қауіпсіз қоғамға Елбасының Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K000002000/>

2. Бізге күмпиген көрсеткіштер емес, нақты жұмыстар қажет: Ишкі істер министрі, генерал-майор Болат Ысқақовтың 2000 жылдың қорытындысы жайлы ПМ Алқа мәжілісіндегі қорытынды сөзі // Сақшы. – 2001. - 31 қантар.

3. ПМ 2000 жылдың жұмыс қорытындысы жайлы ПМ Алқа мәжілісінде сөз сөйлеген вице-министр полиция генерал-майоры И. Оттоның баяндамасы // Сақшы. – 2001. - 31 қантар.

4. Сынаудан шығу: ПМ 2000 жылдың жұмыс қорытындысы жайлы ПМ Алқа мәжілісінде сөз сөйлеген Штаб-департаментінің бастығы полиция полковнігі Марат Букановтың баяндамасы // Сақшы. – 2001. - 31 қантар.

5. ПМ 2000 жылдың қорытындысы жайлы ПМ Алқа мәжілісінде сөз сөйлеген кадр және тәрбие Департаментінің бастығы полиция полковнігі Хасан Валиевтің баяндамасы // Сақшы. – 2001. - 31 қантар.

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**

**Тұран Дағынұлы**

3 курс курсанты

**Ғылыми жетекшісі: Әбділхан Ахметов**

қылмыстық құқық және жазаны орындауды ұйымдастыру

кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Тәрбие жұмысы – ол бас бостандығынан айырылғаның түзелуіне, қалыптасуына және қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға, енбекке адал катынасына, қоғамның тәртібіне талпынысын нығайтуға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер жиынтығы. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: әлеуметтік-құқықтық, еңбектік, дene дайындығы, патриоттық, эстетикалық және т.б. Тәрбие жұмысы

психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданумен жеке, топтық және көптік нысандарда жүзеге асырылады.

Қоғамдық пайдалы еңбек әрбір қоғамдық құрылымның негізі болып табылады. Қоғамдық-пайдалы еңбек экономикалық санат, бірақ ол тәрбиелік, педагогикалық мақсаттарда, қылмыстық жазалар мен басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауда қолданылады. Қазақтың Ұлы ақыны Абай: «Қазақтың жаманшылықта үйір бола беретүғының бір себебі - жұмысының жоқтығы», - дейді өзінің қара сөздерінің бірінде.

Сотталғандарға тәрбиелік әсер ету жан-жақты психологиялық-педагогикалық құрал ретінде режим мен еңбекке қарағанда құқықтық реттеуде аз қамтылған. Оның үйымдастырылуы, нысандары мен тәсілдері ҚР ҚАК-нің 124-бабында қарастырылған. Онда: «сотталғандармен тәрбие жұмысы олардың түзелуіне, заңдардың талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыруға, сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларға қатысуға ұмтылысын қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған», - делінген [1].

Сотталғандармен топтық және бұқаралық тәрбие жұмыстары (сабактар, дәрістер, жиындар, диспуттар, конкурстар, көркем өнерпаздар байқаулары, спорттық-ойын сауық іс-шараларды, сотталғандардың ерікті үйымдарына қатысу, психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық және консультациялық жұмыс тәрбие жұмысын шағын және үлкен топтарда жүргізуі көздейді [2].

Басқа сөзben айтқанда, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды тәрбиелеуді үйимдастыру мемлекеттік идеологияға қатысты.

Тәрбие – бұл әр нақты жағдайда объектінің және әсер етуші субъектінің сипаттамасынан туындайтын шығармашылық процесс. Педагогика теориясында адамның өзін тәрбиеленүші және окушы ретінде түрлі қарым-қатынасын көрсетеді. Бұл жағдайда, адамға берілген роль оның артқа тартыну реакциясын тудырмайды. Адам өзін окушы ролінде жақсы қабылдайды және «мені оқытады» деген формуланы қабылдайды.

Сотталған, тәрбиелік әсер ету объектісі ретінде тәрбиеленушінің алдында жеке индивид ретінде емес, ұжым мүшесі ретінде тұрады. Бұндай бірлестіктің негізі болып қылмыстық жаза тәртібіндегі қоғамнан оқшаулау фактісі табылады.

Кауіпсіздігі аралас мекемеде (тергеу изоляторында) ұйымдастырылатын тәrbие жұмысы ерекше жағдайларда – тұрме түріндегі мекемелерде және азаматтардың ерекше санатымен өткізіледі.

Мекемелерде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, имандылыққа, әлеуметтік-құқықтық, еңбекке, дene шынықтыруға тәrbielue және өзге де тәrbие тұрларі жүзеге асырылады.

Сотталғандармен тәrbие жұмысы ҚАЗ мекемесінің түрі, жаза мерзімі, ұстau жағдайлары ескеріле отырып, сараланып ұйымдастырылады. Ол психологиялық-педагогикалық әдістер қолданыла отырып, жеке, топтық және көпшілік нысандарда жүзеге асырылады.

Әрбір сотталған адаммен тәrbие жұмысы оның жеке басының дара ерекшеліктері мен жасаган қылмыстарының мән-жайлары ескеріле отырып жүргізіледі.

Сотталғандардың тәrbielik іс-шараларға қатысуы оларға көтермелуе және жазалау шараларын қолдану, сондай-ак олардың мінез-құлқын бағалау кезінде ескеріледі» [1].

Түзеу мен тәrbielue мақстына жетуде кауіпсіздігі аралас мекеменің- тергеу изоляторының барлық ұжымы жұмылдыруы қажет. Онда құқықтық, адамгершіліктік, еңбектік, дene шынықтыру тәrbiesі жүзеге асырылады. Аталған қызмет түрінің басқа нысандарына келесілерді жатқызуға болады, олар: эстетикалық, экономикалық, экологиялық және патриоттық тәrbielueу.

Орыс ғалымы Г.Ф. Хохряков бас бостандығынан айыру орындарында 5-7 жыл мерзімде болған сотталғандардың психикасында қайтарылмайтын өзгерістер пайда болады [3].

Жеке түзелуге белсенді қатысудың мысалы шаруашылық қызмет көрсету үшін қалдырылған сотталғандардың ерікті ұйымдарына қатысуы болып табылады. ҚР ҚАК-нің 126-бабында сотталғандардың түзелуіне жәрдемдесу мақсатында

мекемелерде ерікті негізде мекеме әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейтін сottалғандардың ұйымдары құрылады делінген. Өзін жақсы жағынан көрсеткен сottалғандардың арасынан мекемелер ұйымдары мен жасақтарының кеңестері құрылады.

Мыналар сottалғандардың ерікті ұйымдарының негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) мекемеде оң моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;
- 2) сottалғандардың жағымды әлеуметтік байланыстарын дамыту;
- 3) сottалғандардың қоғамдық-пайдалы бастамасын қолдау;
- 4) сottалғандарға рухани, кәсіптік және дене бітімінің дамуына көмек көрсету;
- 5) сottалғандардың еңбегін, түрмисын және бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Ерікті ұйымдардың жұмысына қатысу сottалғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және мінездемелерін жасау кезінде ескеріледі.

Сottалғандардың ерікті ұйымдарының мүшелері қосымша женілдіктерді, артықшылықтарды пайдаланбайды және мекеме әкімшілігін өкілеттіктеріне ие бола алмайды [1].

Сottалғандармен тәрбие жұмысының маңызды нысаны діни-танымдық тәрбиелеу болып табылады. Соңғы уақытта пенитенциарлық жүйе қоғаммен өзара әрекеттесетін ашық жүйеге айналғандықтан, маңызды өзгеріске ұшырады.

Казакстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығы. Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қагидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қауіпсіздігі аралас мекемеде күдіктілер мен айыпталушылар діни жораларды камераларда, өзінің жатын орнының жанында көрсетілген жағдайларды сақтай отырып орындайды. Күдіктілер мен айыпталушылардың діни жораларды орындауды мекеменің жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі, ішкі тәртіптемені бұзбауы, сондай-ақ 505 бұйрығының 16-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес басқа күдіктілер мен айыпталушалардың құқықтарын шектемеуі тиіс. Күдіктілер мен айыпталушыларға

өздерімен бірге және діни әдебиетпен қолдануға рұқсат етіледі.

Адамгершіліктік тәрбиелеу процесінде барлық құралдарды қолдану қажет. Бұл әңгімелесу, дәрістер, басылымдар, қоғам өкілдерімен, әдебиет, мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесулер, сәйкес тақырыптардағы кинофильмдер, телебағдарламалар болуы мүмкін.

КР ҚАК-нің 128-бабына сәйкес жақсы мінез-құлқы, еңбекке, оқуға адал қарағаны, ерікті құрылымдардың жұмысына және тәрбиелік ісшараларға белсенді қатысқаны, қылмыспен келтірілген залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолданғаны үшін сottalғандарға мынадай көтермелей шаралары:

- 1) алғыс жариялау;
  - 2) сыйлықпен марапаттау;
  - 3) сыйлыққа беру;
  - 4) қосымша қысқа мерзімді кездесу беру;
- 5) мереке күндері тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада қосымша акша жұмсауға рұқсат беру;
- 6) бұрын белгіленген жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылады [1].

Сондай-ақ тәрбие жұмысының ролі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауда өте маңызды, ол қылмыскердің жеке басына тікелей тиімді әсер ету қуралы болып табылады.

Тәрбиелік процестің тиімділігін арттыру мақсатында қауіпсіздігі аралас мекемеде - тергеу изоляторында қалдырылған сottalғандарға қатысты олардың өз-өздерін оқытуларына жағдайлар жасау жолымен, оларды окулықтармен және басқа да құралдармен қамтамасыз ету үшін қашықтықтан білім беру орталықтарын құру қажет. Тәрбиелік процесс нәтижесінде сottalғандарды ҚАЖ мекемелеріндегі сияқты қауіпсіздігі аралас мекемеде де (тергеу изоляторында) қайта әлеуметтендіруге әкелу қажет.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №

234-V ҚРЗ Кодексі.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы №508 бұйрығы (2020 жылдың 29 қыркүйегіне енгізілген толықтырулар мен өзгерістер).

3. Хохряков Г.Ф. Наказание лишением свободы // Социологические исследования. – 1998. - №2. – С. 76.

## **НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ШТРАФА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Урumbасар Ж.А.  
курсант 3 курса**

**Научный руководитель: Кушкина О.В.,**

преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин  
Сибирский юридический институт МВД России, г. Красноярск

По информации Федеральной службы исполнения наказаний (далее – ФСИН России) в 2018 году в следственных изоляторах (далее – СИЗО) и исправительных учреждениях (далее – ИУ) количество убийств сократилось на 67 %, особо учитываемых преступлений – на 18 %. В воспитательных колониях (далее – ВК) и тюрьмах отмечается снижение числа зарегистрированных преступлений и не допущено особо учитываемых преступлений.

Эффективность расследования пенитенциарных преступлений напрямую зависит от компетенции самих сотрудников учреждений и специализации следственных органов. Расследование преступлений, совершенных в условиях изоляции от общества, характеризуется как крайне неблагоприятное, так как органам следствия приходится работать на удаленном от следственного подразделения пространстве, на ограниченной закрытой территории с особым режимом и контрольно-пропускным обеспечением и со сложным спецконтингентом, который не оказывает содействия

следствию.

Основным способом фиксации обстановки на месте происшествия является осмотр. Осмотр места происшествия – это неотложное следственное действие, производимое с соблюдением процессуальных норм об осмотре, предусмотренных ст. 176–177 УПК РФ в целях обнаружения, фиксации и изъятия следов преступления и других вещественных доказательств, выяснения обстановки происшествия и иных обстоятельств, имеющих значение для дела [1, с. 83]. Осмотр места происшествия в ИУ подчиняется общим правилам в соответствии со ст. 177 УПК РФ, а также должен проводиться с соблюдением всех рекомендаций, разработанных криминалистикой, с учетом специфики функционирования исправительных учреждений.

Значение осмотра места происшествия при расследовании пенитенциарных преступлений совпадает с основными задачами осмотра любого другого места происшествия. Так, основной задачей является обнаружение, фиксация и изъятие следов и других вещественных доказательств, дающих основание судить о том, что совершено преступление. При этом определяется его состав, место, время, цели совершенного преступления, количество лиц, его совершивших, каковы механизм и способ преступного действия, какие предметы использовались в качестве орудий преступления, какие следы, возможно, остались на теле, одежде преступника, в каком направлении он убыл с места происшествия, кто мог являться очевидцем преступления, каковы преступные результаты [2, с. 59-60]. Тем самым осмотр места происшествия позволяет исследовать характер воздействия преступника на окружающую среду, установить причины и условия, способствовавшие преступлению.

Немаловажным в ходе осмотра места происшествия является установление криминалистически значимой информации для последующих следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий на последующем и заключительном этапах расследования пенитенциарных преступлений. При этом их эффективность достигается благодаря качественному взаимодействию органов следствия и сотрудников исправительных учреждений.

Таким образом, осмотр места происшествия является первоначальным следственным действием. При расследовании преступлений в условиях изоляции от общества он позволяет правильно определить направление расследования, выдвинуть и проверить следственные версии, наметить план расследования преступления.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации : федер. закон от 18 декабря 2001 г. № 174-ФЗ // Собр. законодательства Российской Федерации.2001.№ 52. Ст. 4921.
2. Производство первоначальных следственных действий в исправительных учреждениях ФСИН России: монография. - Пермь : Пермский институт ФСИН России, 2014.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТИЛДІРУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Халенова Б.Т.

3 курс курсанты

Фылыми жетекшісі: Нұрмагамбетова Ж.К.,

қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының  
окытушысы, полиция майоры

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Казіргі қолданыстағы заңдар Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасы кезең-кезеңмен жетілдіруге бағытталып, қогамдық қажеттілікке қарай жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау аясында жүргізіліп жатыр. Парламент қабылдаған заңдар экономиканы, әлеуметтік саланы, мемлекеттік құрылышты, сондай-ақ сот-құқықтық жүйені реформалауға бағытталған. Тәуелсіздікке ие болған жылдары Парламент Қазақстан Республикасының жаңа заңнамалық базасын жасады. Қазақтардың қарапайым қылмыстық құқығында «қылмыс» ұғымының азаматтық құқық

бұзушылықтан айырмашылығы шамалы болған, кезінде И.А. Козлов назар аударған [1]. ТМД елдерінің аумағында, мен айтар едім, қылмыс, өсіреле ұйымдастырылған нысандарда өршіп түр. Осыған байланысты, кодификацияланған зандарды қабылдау қажеттігі туындалады. Біздің елімізде кодификацияланған зандар – қылмыстық кодекс, қылмыстық- атқару кодексі, қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданды. Бұлар өмірлік маңызды зандар, олар құқық қорғау органдарының қызметін жүзеге асыру, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет.

Жалпы теориялық жағынан ТМД елдеріндегі заманауи қылмыстық іс жүргізу заннамасын жетілдіру тұрғысында мәміле проблемасы кеңестік кезеңінде отызыншы жылдардың өзінде пайда болды. Белгілі ғалым-зангер Е.Б. Пашуканис өзінің құқық айырбасы дейтін тұжырымдамасында кек алу дәстүрмен реттеле бастап, қастыққа айналып кетсе, ол талион ережесімен реттеле бастайды, яғни «қанга – қан, жанға – жан», ал онымен қатар өтем жасау немесе ақшалай құн жүйесі нығая бастаса, басқаша болмақ. Е.Б. Пашуканис, кек алудан өтем жасауға ауысу табигатын түсіну үшін адамзат қоғамында айырбас эквиваленттілігі түсінігіне дейін көтерілген жөн деп есептейді. Оның пікірі бойынша, эквивалент идеясы, бұл бірінші нағыз құқықтық идея, оның қайнар көзі сол тауар нысаны. Осыдан келіп Е.Б. Пашуканис мынадай корытынды шығарады, қылмысты айналымның ерекше түрі ретінде қарауға болады, онда айырбас, яғни шарттық қатынас post factum-мен, яғни тараптардың бірінің өзінің ерікті әрекетінен кейін белгіленеді. Қылмыс пен кек алу арасындағы пропорция сол айырбас пропорциясымен үштасады. Е.Б. Пашуканис қылмыстың ауырлығына жазаның сәйкестігі туралы қылмыстық құқықты айырбас қатынастарының сол эквивалентімен түсіндіреді. Оның пікірі бойынша, тауар иеленушілер арасында белгілі бір тауарға тиісті бағасы төленгені сияқты қылмыс үшін жаза қолданылады. Бұл ережені Пашуканис қылмыстық процеске қатысты ерекше айқын көрсетті. Ол «қылмыстық процесті құқықтық нысан ретінде жәбірленушіден бөлуге болмайды», ол жауапты талап етеді, демек, мәміленің жалпы нысанынан болінбейді. Бұдан Е.Б.Пашуканистің, құқық дегеніміз қоғамның нарықты,

айырбастау қатынасы, тауар иеленушілердің тауар өндіру қатынастары болып табылады деп есептегені көрініп отыр [2].

ТМД елдеріндегі заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдірудің аса маңызды тенденциялары бірі – саяси жүйені ырықтандыру. Бұл ретте елдердің, халықтардың, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер саяси белсенділігінің бүкіл алуан түрлілігін іс жүзінде камтамасыз ету қажет. Р.З. Лившецтің пікірімен келісуге болады, ол бойынша қазіргі кезде жаңаша ойлау еgesten келісім іздеуге, басып тастаудан плюрализмге, күш көрсетуден консенсусқа көшуді табанды түрде талап етуде. Бұл орайда мемлекет пен құқық қелісімнің, ымыраға келудің, жол берудің қаруы мен құралы ретінде, күш көрсетудің, бағындырудың, сағын сындырудың және құртып жіберудің құралы ретінде емес, қоғамдық қарама-қайшылықтарды жою құралы ретінде болуға тиіс. Қазіргі заманғы өркениетті мемлекетте және құқықта әлеуметтік келісімге келудің құралын тану қазіргі қоғамда әлеуметтік қарама-қайшылық жоқ дегенді білдірмейді, оның бер жағында, басып тастау сияқты мемлекетке тән функцияны теріске шығармай, қалай дегенмен де келісімге, қоғамдық ымыраға келуге қол жеткізу міндетін алдыңғы қатарға шығарған жөн [3]. Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру тенденциялары алғаш рет шағын немесе орта ауыртпалықтағы қылмыс жасаған тұлғаларға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына – әйелдерге, жасөспірімдерге қолдану негұрлым ізгілендірілген бағытта жүргізіледі. Сонымен бірге оны ауыр және өте ауыр қылмыс жасағандар мен рецидивистер және қылмыстық жазадан тығылып жүргендер үшін күшету міндеті де түр.

Сонымен, біздің алдымызда құқықтық реформаны тереңдетіп, толассыз жүргізу үшін Қазақстан заңдарының басқа да салаларын, бүтіндей алғанда бүкіл құқықтық жүйені жетілдіру міндеті түр. Алайда, құқықтық мәдениеттің деңгейі мәселесі төңірегіндегі сұрақка, ол туралы белгіленген нақты критерийлер болмағандықтан, әр адам, әрине, өзінше жауап іздейді деп ойлаймын. Өйткені, әр елдің жалпы мәдениетінің деңгейі әртүрлі, ал құқықтық мәдениет те соның қойнауында –

сол елдің ұлттық жөне тарихи дамуы деңгейімен тікелей байланысты. Баспасөз бетінде, мысалы, ТМД және басқа да елдердің жоғары құқықтық мәдениетін бейнелейтін материалдар жиғі басылады. Кейбір халықаралық ұйымдар "адам құқы", "азамат құқы" деген принциптерді желеу етіп, ТМД елдеріне көп ретте ақыл айтуга тырысады. Ал Иракты, бұрынғы Югославияны, Ауғанстанды бомбалаша кезінде «адам құқы», «азамат құқы» деген түсініктер қаперде де болған жоқ. ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің барлығы да қайта қабылданған конституцияларында немесе конституциялық заңдарында өз елдерінде демократиялық азаматтық қоғам құруға бағыт алды. Алайда елдердің осы жолмен одан әрі дамуы үшін заңнаманы бір ізге түсіру бойынша күш-жігерді біріктіру қажет. 1864 жылдан бастап Ресейде, одан кейін кеңестік қылмыстық іс жүргізу практикасы АҚШ-тағы сияқты формальды емес, объективті ақиқатты ашуға бағытталған болатын, сондықтан да сот төрелігінде мәміле туралы сөз болудың өзі мүмкін емес еди. Солай бола тұрса да, деп атап көрсетеді С. Милицин, РКФСР ҚІЖК-де 1960 жылы анықтау және алдын ала тергеу органдарына қылмысты ашуға белсенді түрде жәрдемдескен және ынтымақтастық жасаған адамдарға оларға қатысты істі ҚІЖК-нің 6 – 9- баптарындағы тәртіппен қысқарту есебінен «соққыдан» құтқаруға» мүмкіндік беретін институт енгізілді. С. Милициннің пікірі бойынша мұндай жаңалықты «мұлде күтпеген түрде болса да» кінәні мойындау туралы мәміле ретіндегі қарауға болады [4]. ТМД-ға мүше мемлекеттердің сыртқы, ішкі және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Көптеген қылмыстық әрекеттердің негізгі сипаттамаларының және трансулттық сипатының жалпыламалылығы заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдірудің немесе ТМД елдерінің ұлттық заңнамасын жақындастырудың қажеттілігі немесе алғышарты болып табылады. Әрине, заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасының міндеттері құқықтық құралдармен ғана шешіледі. Заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасы кодекс үшін бұл объективті процесс, сондықтан туындаған проблемаларды кезең-кезеңмен шешу қажет. Қылмыстық-құқықтық реформа әлі аяқталған жоқ, сондықтан Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі

заманауи қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру тенденциялары жөніндегі ұсыныстар әлі де болса сын тұрғысынан қарауды талап етеді.

Корыта келе адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылығы болып табылатынын және ТМД мемлекеттері өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырған конституциялық үлгіні қорғау жолында күш-жігерін аямайтынын атап көрсеткім келеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақтың қарапайым құқығы жөніндегі материалдар: жинақ. - Алматы: «Жалын», 1998. - 304 б.
2. Пашуканис Е.Б. Мемлекеттің және құқықтың жалпы теориясы жөнінде таңдамалы шығармалар. - М., 1980. – С. 167-169.
3. Лившиц Р.З. Теория права. - М., 1994. – С. 49-50.
4. Милицин С. Кінәлі деп тану туралы мәмілелер: ресейлік нұсқа болуы мүмкін бе? // Ресей юстициясы. - 1998.

## БАЛЛИСТИКА

**Хамитова А.Б.**

3 курс курсанты

**Ғылыми жетекшісі: Кужарова Г.А.,**

қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының  
окытушысы, полиция капитаны

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Баллистика (грекше балло — лақтырамын) — жоғары математика, теориялық механика, газ, жылу динамикалары, жарылғыш заттар мен оқ-дәрі теориялары және т.б. ілімдерге сүйенетін әскери-техникалық ғылым. Ол артиллериялық және реактивтік снарядтардың, миналардың, авиабомбалардың, ракеталардың, оқтардың, гарпундардың атылу, ұшу, құлдилau (әуеден тастау) кезіндегі қозғалыстарын зерттейді [1].

Криминаликалық баллистика деп әр түрлі атыс қаруын,

оқ-дәрі, жарылғыш заттар және олардан қалған іздерді оқып үйренетін және қылмысты тергеп ашу мақсатында осы объектілерді табу, жинау, бекіту және зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз.

Баллистика - ішкі баллистика және сыртқы баллистика болып бөлінеді. Ишкі баллистика оқ-дәрі оталғаннан кейін оқ, снаряд, мина тағы басқалардың қару ұнғысындағы қозғалысы мен жану камерасында өтетін процестерді зерттейді. Ишкі баллистиканың негізгі салалары: пиростатика және пиродинамика, сондай-ақ, аралық баллистика мен оқ-дәрілі ракеталардың ішкі баллистикасы. Пиростатика белгілі бір тұрақты қөлем ішінде оқ-дәрінің жану (оталу) және газдану заңдылықтарын, ал пиродинамика ату кезінде ұнғы (оқпан) ішінде өтетін процестерді және олардың арасындағы өзара байланыстық құбылыстарды зерттейді; ұнғының құралымдық сипаттары мен нысана қөздеу шарттарын: қарулардың, ракеталардың, атыс құралдарының баллистикалық жобаларын белгілейді. Аралық баллистика процестердің кезендік салдарын, ал, оқ-дәрілі ракеталардың ішкі баллистикасы камерадағы оталған заттардың жану және газ бөліну, сондай-ақ, ракетаға әсер ететін күштердің пайда болу заңдылықтарын зерттейді [2].

Сыртқы баллистика снарядтардың, миналардың, оқтардың, басқарылмайтын ракеталардың қару (қондырығы) ұнғысынан ұшып шыққаннан кейінгі қозғалыстарын, сондай-ақ ол қозғалыстарға ықпал жасайтын өзге де факторларды зерттейді. Сыртқы баллистиканың негізгі мәселелері: снарядқа ұшу кезінде әсер ететін күштер мен әр түрлі жәйттерді зерттеу; траектория элементтерін есептеу үшін снаряд массасы (салмағы мен инерциясы) орталығының қозғалысын, сондай-ақ, ұшу бағдары мен ауытқушылық сипаттарын айқындау мақсатында снаряд қозғалысын оның масса орталығына қатынасы арқылы зерттеу. Сыртқы баллистика осымен бірге атыс кестелері мен сыртқы баллистикалық жобаларды әзірлеу үшін мәліметтер алу әдістерін жасау және түзетпелер теориясы мәселелерін де қамтиды. Ерекше жағдайларда снарядтар қозғалысын сыртқы баллистиканың авиациялық баллистика, су асты баллистикасы, т.б. арнаулы салаларымен байланыстыра зерттейді. Баллистика

ғылым ретінде 16 ғасырда қалыптасты. Баллистика жөнінде алғашқы еңбекті («Жаңа ғылым» деп аталатын) 1537 жылы италиялық математик Н.Тарталья (1499 —1557) жазды. Кейін Баллистиканың әр түрлі мәселелерін Г.Галилей, И.Ньютон, Л.Эйлер, т.б. зерттеді. Италия физигі Э.Торричелли (1608—1647) және француз М.Мерсенн снаряд қозғалысы жөніндегі ғылымды “Баллистика” деп атауды алғаш рет 1644 жылы ұсынды. Әйтсе де, ежелгі соғыс құралдарының, соның ішінде садақтардың, жебелердің қолданылу орны мен ретіне қарай түрліше болып келуі баллистика заңдылықтарымен есептесудің көне замандардан бастау алатындығын көрсетеді.

Ішкі баллистика (внутренняя баллистика) — әк-дәрілі газ әсерімен шығарылатын снарядтардың, миналардың және оқтардың қарудың ұнғы арнасындағы қозғалысын, сондай-ақ атыс кезінде ұнғы арнасында немесе әк-дәрілі ракетаның жану камерасында болатын басқа процестерді зерттейді. Ішкі баллистиканың негізгі бәлімдері: пиростатика, ол әк-дәрі жану заңдылығын және тұрақты қолемді газ түзілуін зерттейді; пиродинамика — атыс кезінде ұнғы арнасындағы процестерді зерттейді және ұнғы арнасының конструктивті сипаттамалары мен оқталу жағдайларының аралығындағы байланысты анықтайды; қарулардың, ракеталардың, атыс қаруының баллистикалық жобалануы. Сондай-ақ Ішкі баллистиканың аралық баллистика (әрекеттен кейінгі кезендегі прәцестерді зерделейді) және әк-дәрілі ракеталардың ішкі баллистика тарауы бар (камерадағы отынның (жағар-жанаармай) жану заңдылығын және сопло арқылы газ өтуін, сондай-ақ басқарылмайтын ракеталарда әрекет жасайтын күштердің пайда болуын зерттейді).

Сот-баллистикалық зерттеу объектілері:

1. Қол атыс қаруы, осы тәріздес құрылғылар, оның бөлшектері мен жабдықтары.
2. Әк-дәрілер, яғни патрондар және оның бөлшектері.
3. Атыс қаруын қолданудан қалған іздер орналасқан бөгеттер.
4. Жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылғыш нәрселер және оларды пайдаланудан қалған іздер.
5. Мылтық гильзаларын жабдықтау үшін қолданылған

арнайы аспаптар.

Сот баллистикалық сараптаманың ғылыми-әдістемелік негіздері атылыс процесі және оқ-дәрі құрауыштары мен кедергілерде іздердің қалыптасу заңдылықтары бар сарапшылық білім саласын құрайды. Сот баллистикалық сараптамасы әдістемесіне криминалистік, баллистикалық, физикалық, химиялық және өзге де әдістер кіреді [3].

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақша Уикипедия — Уикипедияның қазақ тіліндегі бөлімі. Ол 2002 жылдың 3 маусымынан бастап жұмыс жасап келеді.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: әскери іс. - Алматы: «Мектеп» ААҚ, 2001.
3. Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері: оку құралы / А.Ф. Абуов. - Алматы : Жеті жарғы, 2004 .

## **ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН И ДЕТЕЙ**

**Шамурова Г.**

курсант 3 курса

**Научный руководитель: Маханова А.С.,**

преподаватель кафедры ОЮД

Академический юридический институт МВД РК

им. М. Букенбаева

Общеизвестно, что женщины составляют большую часть человечества, дают человеку жизнь, вносят наибольший вклад в воспитание детей - будущего любого общества. И это будущее немыслимо без женщин. Они - хранительницы домашнего очага, основа любой семьи, а значит, и основа государства. В современных исторических условиях гендерная политика выражается в создании условий для равенства мужчин и женщин во всех сферах жизни.

Октябрьская социальная революция 1917 года кардинально изменила положение женщины-казашки. Женщина

наряду с равенством перед законом получила весь набор демократических прав и свобод, которые были закреплены советских конституциях. В социалистической стране женщина должна была быть раскрепощена. На улучшение положения женщин были направлено специальные меры государства: женщины получили возможность учиться, работать, участвовать в политической и общественной жизни наряду с мужчинами [1].

Важным этапом в деле улучшения положения женщин стало создание в 1995 г. при Президенте Республики Казахстан Совета по проблемам семьи, женщин и демографической политике, в дальнейшем преобразованного в Национальную комиссию при Президенте страны. Одной из практических мер реализации гендерной политики стало создание в 1999 г. в структуре ОВД подразделений по защите женщин от насилия.

До недавнего времени насилие над женщинами рассматривалось как частная проблема семейных взаимоотношений. Но изменения в мышлении, произошедшие в течение последних нескольких лет, заставили нас по-новому взглянуть на насилие как на проблему соблюдения прав человека в целом, и прав женщин в частности. Ведь в подавляющем большинстве случаев именно женщины становятся объектами насилия. Одновременно следует признать, что и в общественном сознании, и в правоохранительной системе термин «насилие» ассоциируется исключительно с фактами сексуальной или физической расправы над женщинами.

Насилие в отношении женщин также является препятствием на пути достижения полового равенства. В своей жизни женщины страдают от различных форм насилия, проявляющихся в приставаниях (на улице, в общественном транспорте, на работе со стороны вышестоящих начальников), непристойных замечаниях, отпускаемых в ее адрес и т.д. Но чаще всего, женщины сталкиваются с насилием у себя дома, в семье. При проведении того же социологического исследования выявилось отношение мужчин к проблеме насилия: у 30% опрашиваемых до 30 лет и 20% респондентов после 30 лет присутствует устаревший стереотип, что избиение жены - это приемлемая форма поведения и выяснения семейных

отношений [2].

В настоящее время в Казахстане огромное внимание уделяется различным аспектам улучшения положения женщин в обществе. На втором Республиканском форуме женщин Нурсултан Назарбаев провозгласил защиту прав женщин и борьбу с насилием в отношении женщин «основным приоритетом государственной политики». В Республике Казахстан действует «Национальный план по улучшению положения женщин». В нем задействованы государственные органы, от которых напрямую зависит эффективность всей работы по борьбе с насилием, и женские НПО, которые вносят свой вклад в дело защиты прав женщин.

В Казахстане, как и во всем мире, дети ежедневно сталкиваются с жестоким обращением и насилием в доме, школе и других общественных учреждениях, однако до настоящего времени эта проблема остается невидимой для общества [3].

Дети, как и взрослые, имеют основополагающие права на уважение своего человеческого достоинства, защиту их физической неприкосновенности, на равную защиту со стороны закона, государства и государственных органов. Весьма часто приходится сталкиваться с фактами, свидетельствующими о том, что родительский дом далеко не всегда является наиболее безопасным местом для ребенка. Казахстан не является исключением из числа тех стран, в которых имеются пробелы в осведомленности и достоверных статистических данных по проблеме насилия в отношении детей. По-прежнему остаются неизвестными глубина и размах проблемы. А имеющиеся в нашем распоряжении неоднородные и фрагментарные исследования позволяют лишь догадываться об истинном положении дел.

Казахстан имеет в своем распоряжении определенную правовую основу для действий – Конвенцию ООН «О правах ребенка». Однако, в отношении конкретных обязательств изо дня в день наблюдается недостаточно ответственное отношение со стороны государства в целом, социальных служб, официальных лиц правоохранительных органов, СМИ и семьи.

За последние годы в СМИ наблюдается тенденция, где

наибольшему риску насилия дети подвергаются на улице, со стороны незнакомцев-насильников.

Жестокое и унижающее человеческое достоинство виды обращения с детьми и их наказания родителями и некоторыми иными непосредственными опекунами традиционно поддерживается общественным мнением. Это препятствует работе служб, призванных защищать интересы детей, вынужденных предпринимать предосудительные в данном обществе попытки разграничить одобряемое «воспитание» и осуждаемое «жестокое обращение». Если преднамеренное нанесение ребенку вреда и унижение его достоинства, считается допустимым в обществе, то практически невозможно ни четко сформулировать, ни убедительно обосновать необходимость защиты детей и содействия развитию позитивных форм воспитания [4].

Акты насилия зачастую отражают ситуацию социальной аномии, то есть отсутствия правил и норм или, по крайней мере, утраты ориентиров и забвения лежащих в их основе ценностей. Действительно, не может быть более благодатной почвы для актов насилия любого рода, чем отсутствие в учебном заведении договора, будь то педагогического, морального, социального или чисто регламентационного. Подобный пробел не позволяет делимитировать соответствующие права, свободы и нарушения. Отсутствие моральных обязательств, равно как и санкций, неизменно отодвигает за горизонт пределы запретов, которые превращаются в «вероятный потенциал» в бесконечной игре с системой власти с ее размытыми материальными и символическими воплощениями.

Кроме того, отсутствие договора делает санкции еще более несправедливыми и унизительными. Следует предупреждать эффект спирали, который постепенно ведет от мелких, незначительных проступков, от проявлений грубости к более серьезным актам насилия. К «школьному климату» следует подходить как к катализатору актов насилия.

Становится очевидным, что недостаточный контроль за психоэмоциональным состоянием как детей, обучающихся в школе, так и учителей, приводит к ситуациям, когда учителя и ученики допускают некорректное поведение в отношении друг

